

Қазақстан Республикасындағы телекоммуникациялар желілерін күзету ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 1010 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1689 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1689 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен

Қазақстан Республикасындағы телекоммуникациялар желілерін күзету режимін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасындағы телекоммуникациялар желілерін күзету ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 3 0 қ ы р к ү й е к т е г і
N 1 0 1 0 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасындағы телекоммуникациялар желілерін күзету ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасындағы телекоммуникациялар желілерін күзету ережесі (бұдан әрі - Ереже) зақымдануы Қазақстан Республикасының бірыңғай байланыс желісінің қалыпты жұмыс істеуін бұзатын, азаматтардың мүдделеріне, шаруашылық жүргізуші субъектілердің өндірістік қызметіне, Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін қолданыстағы телекоммуникациялар желілерінің (кәбілді, радиорелелік, әуе байланыс тораптары, радиоландыру тораптары) сақталуын қамтамасыз ету

мақсатында "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже олардың орналасқан жеріне, ведомстволық тиесілілігіне және меншік нысаны қарамастан, барлық жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының бірыңғай байланыс желісіне кіретін ведомстволық және өзге де байланыс желілерінің иелері, осы Ереже, ортақ пайдаланылатын байланыс желілерінде әрекет ететін техникалық пайдалану нормалары мен ережелері негізінде өз желілерінде байланыс тораптарын және құрылыстарын пайдалану, күзету, жөндеу тәртібін әзірлейді.

2. Телекоммуникациялар желілерін күзету аймақтары

4. Телекоммуникациялар желілерінің сақталуы күзет аймақтарын белгілеу, кеспе жолдар жасау жолымен қамтамасыз етіледі.

Күзет аймақтары және кеспе жолдар жерлерді пайдаланудың айрықша жағдайы бар аймақтарға жатады.

5. Пайдаланудың айрықша жағдайы бар телекоммуникациялар желілерін күзету аймақтары мыналар үшін белгіленеді:

1) елді мекендерден тыс, ормансыз учаскелерде орналасқан жер асты кәбілді және әуе байланыс тораптары және радиоландыру тораптары;

2) кеме жүретін және сал ағызатын өзендер, көлдер, су қоймалары және арналар (арықтар) арқылы өткен кезде теңіз кәбілді байланыс тораптары мен б а й л а н ы с к ә б і л д е р і ү ш і н ;

3) кәбілді байланыс тораптарындағы жер беті және жер асты қызмет көрсетілмейтін дыбыс күшейткіш және қайта генерациялау пункттері үшін.

6. Орман алқаптары мен жасыл екпе ағаштар арқылы өтетін кәбілді және әуе байланыс тораптары мен радиоландыру тораптары трассалары үшін өрттен қауіпсіз жай-күйде ұстап тұратын кеспе жолдар жасалады.

7. Егер қолданыстағы кәбілді және әуе байланыс тораптары мен радиоландыру тораптары трассалары ерекше қорғалатын аумақтардан өтсе, кеспе жолдар жасау ерекше қорғалатын учаскелердің (сирек және жойылып бара жатқан жануарлар түрінің қоректену орны, бағалы балық тұқымдарының көбею орны және т.б.) функционалдық мәнін сақтауды қамтамасыз еткенде және мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болғанда ғана рұқсат етіледі.

8. Мемлекеттік қорғаудағы орман алқаптарында, қала ормандарында және орман парктерінде; елді мекендердің және емдеу-сауықтыру мекемелерінің жасыл аймақтарында; эрозияға қарсы ормандарда; өзен, көл, су қоймалары, арналар және басқа да су объектілері жағалаулары бойындағы тыйым салынған

орман алқаптарында; халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланылатын темір жол және автомобиль жолдары, магистральды құбырлар және басқа да желілі құрылыстар өтетін жолдардағы қорғау ағаштарында; жазық және топырақ қорғау ормандарында кеспе жолдар төсеу екпе ағаштарға неғұрлым аз нұқсанмен және олардың қорғау қасиетінің жойылуының алдын ала отырып жүргізіледі. Кеспе жолда бұта мен жас өскіндердің (кәбілді байланыс тораптарына арналған кеспе жолдардан басқа) кесілмеуі, жұмсақ топырақтағы, сумен шайылып кету қаупі бар қия мен жерлер (15 градустан жоғары) беткейлердегі томарлар қопарылмауы тиіс.

9. Радиорелелік байланыс тораптарының трассалары орналасқан жекелеген жер учаскелерінде радио толқындар таралуының экрандаушы әсерінің алдын алу мақсатында ғимараттар мен құрылыстар салуға, сондай-ақ ағаш отырғызуға тыйым салынады.

10. Байланыс тораптарының трассалары бұтақтар мен ағаштардан ауық-ауық тазартылып тұруы тиіс. Байланыс тораптары сымдары мен байланыс тораптарының тіреулеріне қауіп төндіретін ағаштар ағаш кесу билеттерінде белгіленген тәртіппен ресімделе отырып, кесілуі тиіс.

11. Қала сыртындағы кәбілді байланыс тораптарының трассалары осы аумақтың телекоммуникациялар желілерінің күзету аймағына жататындығын көрсететін арнайы белгімен белгіленеді. Арнайы белгілердің саны, түрі және орнату орындары Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

Қалалар мен басқа да елді мекендерде жер асты кәбілдік, әуе байланыс тораптары және радиоландыру тораптары трассаларының өтуі тиісті құжаттамамен айқындалады.

Теңіз кәбілді байланыс тораптарының және байланыс кәбілдерінің трассалары кеме жүретін және сал ағызатын өзендер, көлдер, су қоймалары және арналар (арықтар) арқылы өткен кезде кәбілдерді жағаға шығаратын тұстарда дабыл белгілерімен белгіленеді. Кеме жүретін жағдайға тыйым салатын белгілер және бағыттауыш оттар белгіленген мемлекеттік стандарттарға сәйкес белгіленеді. Теңіз кәбілдік байланыс тораптары трассалары теңізде жүзушілердің хабарламаларында көрсетіліп, теңіз карталарына енгізіледі.

Жабдығы бірегейлендірілген контейнерлерде тікелей жерге қосымша құрылыссыз орналасатын байланыс тораптарындағы қызмет көрсетілмейтін дыбыс күшейткіш және қайта генерациялау пункттері орнатылған жерлерде жылдың қыс мезгілі үшін де (күртік қар), жаз мезгілі үшін де тану белгілері орнатылады.

12. Телекоммуникациялар желілерін күзету аймақтарында байланыс желісінің қалыпты жұмысын бұзуға әкеліп соқтыруы мүмкін жұмыстар жүргізілмейді.

13. Күзету аймақтарын белгілеу тәртібін және олардағы жұмыс режимін байланыс саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

14. Телекоммуникациялар желілерін күзету аймақтарының шекараларын және олардағы жер пайдалану режимін Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жерді меншікке немесе жер пайдалануға беру туралы шешім қабылдаған орган айқындайды.

3. Байланыс желілерін зақымдағаны үшін жауапкершілік

15. Осы Ереженің талаптарын орындамайтын, сондай-ақ байланыс тораптарының қалыпты жұмысын бұзатын заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

16. Қарамағында байланыс желісі бар тұлғаға келтірілген залал Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өтеуге жатады.